

Жергілікті мерзімді баспасөзге жызылуға біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 106 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 30 желтоқсанда N 8-5-62 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 208 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2009.12.21 N 208 шешімімен.

2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектеріне және соларға теңестірілгендерге жеңілдік және әлеуметтік қорғау туралы" заңдарына және қалалық Мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы XII сессиясының N 99 "2009 жылғы қала бюджеті туралы" шешіміне сәйкес қалалық Мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға 2009 жылғы жергілікті мерзімді баспасөзге жазылу кезінде олардың біреуіне жазылу үшін біржолғы материалдық көмек көрсету мақұлданын.

2. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Гармашова Н.Н.) "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету бюджеттік бағдарламасының әкімгері болып анықталсын.

3. Біржолғы материалдық көмек қалалық бюджет есебінен тағайындалады.

4. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Гармашова Н.Н.) Ұлы Отан соғысының қатысушыларының, мүгедектерінің және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдардың жеке өтініштері арқылы 2009 жылға газеттерге жазылумен қамтамасыз етеді.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық Мәслихаттың бюджет және

экономика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасына (Б. Мусин)
ж ү к т е л с і н .

6. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XII сессиясының төрағасы

Т. Қасымов

Қалалық Мәслихаттың хатшысы

Н. Кәдірсізов

К е л і с і л д і :

Жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімінің

бастығы Н. Гармашова

2008 жыл 22 желтоқсан